ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 3 маусым №2301-25-00-2/950 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаиловаңың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасының Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғауды және аумақтық қорғанысты материалдық-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«QazSP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.Б.Сагидуллин

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 28 ақпанда мемлекеттік сатып алу туралы №04 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Құрылыс құралдарын (балта, ағаш арасы, қайла (таңдау, сынақтар)» әскери қызметкерлерге арналған құралдарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 1 412 320 теңге. Шарттың орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күннен бастап, 30 күнтізбелік күнге дейін.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, аталған құралдарының жауапкермен жеткізілмегенін, 2025 жылғы 12 наурыздағы №16 хатына сәйкес жауапкер аталған тауарлардың жоқ болуына байланысты жеткізе

алмайтынын, шартты бұзуды сұрағанын айтып, сондықтан оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Жауапкер белгісіз себептермен сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 28 ақпанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №04 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күннен бастап, 30 күнтізбелік күнге дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын айтып, шарт 2025 жылғы 18 наурызда бұзылғанын, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 10.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2025, судья Султангалиева А. Е., 14.07.2025

2301-25-3-1/1053

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы және азаматтық қорғау басқармасының Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғауды және аумақтық қорғанысты материалдық-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «QazSP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«QazSP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«QazSP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 10.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2025, судья Султангалиева А. Е., 14.07.2025

2301-25-3-1/1053